

**М.А.Жұмаділованың 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы
бойынша**
**(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін «Қазіргі жағдайдағы
ҚР электрондық сауданы азаматтық-құқықтық реттеу»
тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысына**
отандық ғылыми көнешісінің
ПКІРІ

**Диссертациялық ізденіс жұмысының өзектілігінің негізділігі, оның
тылыми және тәжірибелік маңыздылығы.**

Диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасындағы электрондық сауда саласындағы қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің қазіргі жағдайдағы проблемаларын зерттеуге арналған. Жұмыста электрондық сауданың теориялық тұжырымдамалары зерттелді: «электрондық сауда», «электрондық коммерция», «цифрлық сауда», «электрондық құжат», «электрондық хабарлама», «электрондық цифрлық қолтаңба», «электрондық мәміле» ұғымдарына салыстырмалы талдау жүргізілді; азаматтық айналымдағы электрондық сауданы жүзеге асыру саласындағы электрондық құжаттарды және осы нормаларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына енгізу бойынша ұсыныстар жасалды; қазіргі жағдайда электрондық саудадағы электрондық мәмілелерді қамтамасыз етуге байланысты Турция, Үндістан, Жаңа Зеландия және өзге де Еуразиялық экономикалық одак пен оған мүші мемлекеттердің тәжірибелері зерттелді.

Сонғы онжылдықтарда акпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы бүкіл әлемде және Қазақстанда шаруашылық қызметті жүргізуіндің жаңа тәсілдерінің дамуына әкелді. Электрондық сауда осы өзгерістердің нәтижесінде өмірдің барлық салаларын қамти бастады, субъектілер арасындағы азаматтық-құқықтық қатынастардың дамуы мен реттелуіне үлкен әсер етті. Осылан байланысты халықаралық қоғамдастық пен Қазақстан үшін, атап айтқанда электрондық сауданы жүзеге асыруға байланысты азаматтық - құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен мұдделерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін заңнаманы жетілдіру мәселелері өзекті болды. Бұл электрондық сауданы азаматтық-құқықтық реттеуді жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Халықаралық құжаттарды, кейбір шетелдердің нормативтік құқықтық құжаттарын, ресейлік және қазақстандық заңнаманы, ресейлік және отандық ғалымдар пікірлерін зерделеу арқылы электрондық сауда саласындағы құқықтық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеуді зерттеу нәтиженің, берілген қорытындылардың, тұжырымдардың негізделуі және олардың шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық зерттеу жұмысында, зерттеудің құрылымы бойынша, келесідей нәтижелерге қол жеткізілген, әрбір қорытындылар, тұжырымдар ғылыми түргыда және тәжірибелі деректермен негізделген. Сондай-ақ, зерттеуге алынған мәселелер бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың

тұжырымдарына салыстырмалы талдаулар жасалған, халықаралық актілер, шетел заңнамасы кеңінен зерттеуге алынған.

Зерттеу жұмысының мазмұны, орындалу сапасы және қол жеткізілген нәтижелері ескеріліп осы жұмыстың міндетті талаптарға сай екендігін растауға толықтай негіздеме бар. Докторант зерттеуде алдына қойылған мақсаты мен міндеттерін, қорытындыларын толық ашып көрсете білген. Жұмыстың орындалуында қолданылған дереккөздер, іргелі ғылыми еңбектер ізденіс жұмысының мазмұнымен толықтай үйлеседі.

Іргелі еңбектерге сүйене отырып өз ойларын тұжырымдау деңгейі, қол жеткізілген нәтижелері зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттыра түседі. Сондай-ақ электрондық сауда саласындағы мәмілелерді жасау тәсілдерін қамтамасыз етуді жетілдіру бағытында салыстырмалы тәсілмен қол жеткізілген қорытындылары, нәтижелері көнілге қонымды, ғылыми түрғыда негізделген.

Диссиденттың ғылыми ізденіс жұмысын орындау барысында қол жеткізген нәтижелері, әдістемелік негізділігі, жұмыстың ғылыми мазмұнының айқындығымен, қойылған мақсаты мен міндеттерінің бірлігімен және тұжырымдарының деректік түрғыда дәйектелуімен қамтамасыз етілген.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиженің негізділігі мен толықтығы төмендегідей талаптарға жауап береді:

- 1) Тақырыпқа қатысты тұжырымдалған нәтижелер шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектеріндегі пікірлер және тұжырымдарға негізделген;
- 2) Тақырыпқа қатысты туындаған пікірлер бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің айтқан түрлі пікірлері мен көзқарастарының себептерін анықтау арқылы негізделген;
- 3) электрондық мәмілені жүзеге асыру кезінде коммерциялық құпияның сақталуын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын негізделген
- 4) электрондық шарттардың жарамдылық және жарамсыздығы шарттарын талдау жүргізген
- 5) Қазақстандағы электрондық коммерцияның дамуының негізгі тенденциялары мен проблемаларын зерделеген,
- 6) Зерделеу негізінде электрондық коммерцияны реттеу саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар әзірленген

М.А.Жұмаділованың зерттеуде қол жеткізген нәтижелері, жасаған қорытындылары мен ұсыныстары халықаралық, республикалық ғылыми практикалық конференцияларда баяндалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдар мен шетелдік басылымдарда жарық көрген.

Докторлық диссертацияны орындау нысаны барлық қойылған талаптарға толықтай сай келеді. Ғылыми жаңалығы мен қорытындылары дәлелді, қорғауға ұсынатын тұжырымдары толықтай негізделген. Ізденушінің пікірлері мен ұсыныстарының қолданбалық маңызы жоғары.

Диссертациялық зерттеу жұмысының, теориялық құндылығы жоғары. Өзінің теориялық білімінің жоғары екендігі, гылыми еңбектерге жан-жақты шолу жасағаны, нормативтік құқықтық актілерді кеңінен қолданғаны, тақырыпқа байланысты көптеген статистикалық мәліметтерді қолданғаны диссертациялық жұмыстың құндылығын арттырады. М.А.Жұмаділованың «Қазіргі жағдайдағы КР электрондық сауданы азаматтық құқықтық реттеу» тақырыбында PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық зерттеу жұмысы 6D030100-«Құқықтану» мамандығының паспортына және барлық талаптарға сәйкес жазылған деп есептеймін.


Диссертациялық жұмысты қорғауға рұқсат етемін.

Гылыми жетекші,


Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық

Университетінің проректоры, заң ғылымдарының докторы,

профессор



Дусипов Е.Ш.



**6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін ізденуге ұсынылған «Қазіргі жағдайдағы ҚР электрондық
сауданы азаматтық-құқықтық реттеу» тақырыбындағы
Жұмаділова Мира Асқарбекқызының диссертациялық жұмысына
ПКІР**

М.А.Жұмаділованың «Қазіргі жағдайдағы ҚР электрондық сауданы азаматтық құқықтық реттеу» тақырыбындағы диссертациясы электрондық сауда жасау, азаматтық-құқықтық реттеу кезінде туындайтын азаматтық - құқықтық қарым-қатынасты зерттеу мен жалпы саралау мәселелеріне арналған.

1. Зерттеу жұмысының өзектілігі, оның ғылым мен практика үшін маңыздылығы және байланысы

Электрондық сауданы дамыту осы салада қалыптасқан азаматтық-құқықтық қатынастарды тиімді құқықтық қамтамасыз ету үшін қолданыстағы заңдарды жаңартуды талап етеді. Құқықтық қатынастарды азаматтық-құқықтық тұрғыдан реттеудің жеткіліксіздігі әрекеттерді электрондық мәмілелер, оның ішінде жарамды және жарамсыз мәмілелер ретінде саралау проблемаларына, сондай-ак осы құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтарын қорғау, оның ішінде коммерциялық ақпараттың құпиялышының қорғау мәселелері зерттелген жұмыстың өзектілігін айқындайды. Осыған сәйкес, электрондық сауданың өзектілігі мен қарқынды дамуын электрондық сауда саласындағы құқықтық қарым-қатынасты азаматтық-құқықтық реттеу мәселелерін зерттеу ғылыми жұмыстың өзектілігін танытады.

Зерттеуде қалыптастырылған тұжырымдар мен ережелердің ҚР Азаматтық кодексіне арналған өзгерістер мен толықтыруларды даярлау, Қазақстан Республикасындағы электрондық сауда, электрондық сауданы заңнамалық қамтамасыз ету мен электрондық мәмілелерді құқықтық реттеу, электрондық мәмілені жүзеге асыру кезіндегі коммерциялық құпияны қорғаудың құқықтық тәжірибесінде қолдана алу мүмкіндігі танылады. Зерттеу жұмысы шенберінде автор электрондық мәмілелерді жасау, орындау және өзгерту ретімен, олардың құқықтық дәрежесімен байланысты заңнамалық ақауларды жою бойынша ұсыныстар әзірледі. Зерттеу нәтижелері «электрондық сауда», «мәміле», «электрондық мәміле» және «электрондық шарттардың жарамдылығы мен жарамсыздығы» бойынша проблемалар қаралып, ұсыныстар берілді.

2. Жұмыстың теориялық және тәжірибелік құндылығы.

Электрондық сауданың жекелеген аспектілерінің құқықтық табигатын жан-жақты талдауда, мысалы, субъектілер, электрондық мәмілелер, мәмілелер жасау кезіндегі ақпараттың құпиялышы, электрондық мәмілелердің жарамдылығы мен жарамсыздығы және басқалар туралы терең түсінуге ықпал етеді.

3. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен колемі.

Ғылыми жұмыс диссертациялық ізденістің барлық талаптарына сәйкес келеді. Диссертацияның құрылымы үш бөлімге бөлінген және сәйкесінше әрбір

бөлім өзара байланысқан сол бөлімнің мәнін аштын бөлімшелерден тұрады, сондай-ақ олардың тақырыптары өзара құрылымдық байланысқа ие.

1. Бірінші бөлімде «электрондық сауда», «электрондық коммерция» ұғымына түсінік бере отырып, электрондық сауда мен электрондық коммерцияның мәні сауда қызметін интернет жүйесі арқылы ақпараттық технологиялар қатысуымен жүзеге асыру болып табылатыны дәлелденді. Осының негізінде, электрондық сауда мен электрондық коммерцияның спецификалық сипаттамалары анықталды және олар мыналардан тұрады:

- осы қызметті электрондық деректермен және электрондық құжаттармен алмасу арқылы жүзеге асыру;

- қашықтан әрекеттесу.

Сондай-ақ Қазақстан заңнамасы меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдарда, экономиканың барлық салаларында және кез келген ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық құжатты қолдану мүмкіндігін, сондай-ақ электрондық құжаттарды соттарда дәлелдеме ретінде пайдалану мүмкіндігін белгілейтін факт ретінде анықтаған. Халықаралық құжаттар электрондық сауда саласында ұлттық заңнама нормаларын қолдану мүмкіндігін қарастырылады.

Екінші бөлімде электрондық сауда саласындағы мәмілелерді жасаудың құқықтық сипаттамасын, электрондық мәмілелердің субъектілерін, электрондық мәмілелердің жасалу тәсілдері мен тәртібін зерттерген, электрондық мәмілені жүзеге асыру кезінде коммерциялық қорғаудың негіздерін заңнамалық жетілдіруге қатысты ұсыныстар бере алды.

Үшінші бөлімде электрондық шарттардың жарамдылығы және жарамсыздығы мәселелерінің электрондық шарттарды да құқықтық реттеуі, қазіргі уақытта туындалған электрондық сауданы дамыту тенденциялары мен проблемалары бойынша сұрақтарын талдаған. Осы мәселелерге қатысты ұсыныстары мен ұсынымдарын зерделеген.

4. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы Қазіргі жағдайдағы ҚР электрондық сауданы азamatтық құқықтық реттеу құқықтық реттеудің болмауынан туындаған заңнамадағы олқылықтардың орнын толтырып, проблемаларды шешуге жаңаша тұжырымдарды негіздеуінде көрініс табады.

Жұмыста Қазақстан Республикасындағы электрондық сауданы дамыту, электрондық мәмілелерді жасау, электрондық мәміленің жарамдық және жарамсыздығында заңнамалық жүйені өзгертертіндей ұсыныстар мен ұсынымдар берілген. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы ізденушімен қорғауға ұсынылған тұжырымдарда айқындалған.

5. Диссертациялық жұмысты жазудағы ізденушінің өзіндік жұмыс жасауы.

Жалпы, автордың зерттеуден алған нәтижелерінің практикалық маңызы бар, оның ережелері, қорытындылары мен нәтижелері Қазіргі жағдайдағы ҚР электрондық сауданы азamatтық құқықтық реттеу кезінде, осы проблемамен айналысатын магистранттар мен докторанттардың зерттеу жұмысы кезінде

қолданылуы мүмкін. Осы зерттеудің жекелеген ережелері мен материалдарын оку процесінде және жекелеген пәндерді оку кезінде пайдалануға болады.

Диссертациялық зерттеу барысында М.А.Жұмаділова өзін тәжірибелі зерттеуші, мәселені және оны шешу шараларын нақты тұжырымдай алатын, мақсаттар мен міндеттерді айқындай алды. Зерттеуші докторанттың аналитикалық қабілеттерін, оның проблемага терең енуге деген ұмтылысын және зерттелетін мәселенің мәнін, оның шығармашылық ойлауын, мәселенің шешімін іздеудегі тәуелсіздігін атап өткен жөн.

6. Диссертациялық жұмыстың сыйнан өтуі.

Диссертациялық жұмысты жазу кезінде аяқталған ғылыми ұсыныстар мен қорытындылар, ережелер халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланып, апробациялаудан өтті.

Зерттеу барысында жарияланған ғылыми мақалалар мен зерттеудің нәтижесі 13, оның ішінде 1 Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын журналда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 5 ғылыми басылымдарға, ТМД және басқа да шетелдерде өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3, Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында 4 мақала жарияланды.

7. Ұсыныс

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Жұмаділова Мира Аскарбекқызының философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, қойылған талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға жіберуді ұсынамын.

Ғылыми жетекші,
I.Жансүгіров атындағы **Жетысү**
университетінің профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты



Б.А.Сериев